

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2020 жылғы 29 желтоқсанындағы
ҚАУЛЫСЫ

1. *Н.Әуесбекұлының «2020/2021 жылына білім алушыларды университетке қабылдау нәтижелері туралы және кәсіптік бағдар жұмыстарын жетілдіру міндеттері туралы»* есебін тындап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры <i>Н.Әуесбекұлының «Кәсіби бағдар жұмыстарының жоспарын жүзеге асыру барысы және 2021 жылға талапкерлерді тарту бойынша алдағы міндеттер туралы» есебі - қабылдансын және назарға алынсын, ал атқарылған жұмысы нәтижесі қанағаттанарлық деп есептелсін.</i>		
3	Бакалавриатты бітіретін түлектерді магистратураға және үздік магистратураны бітіруші түлектерді докторантураға тарту мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстары жандандырылсын; 2021 жылы қаңтар айынан бастап әрбір мамандық бойынша оқу үлгерімі жоғары бакалавриатты, магистратураны бітіретін түлектерді таңдау және болашақ магистранттар, докторанттар үшін шет тілінен сертификат беретін арнайы курстар ұйымдастыратын кешенді іс-шаралар жоспары дайындалсын. Аталған кешенді іс шараны жүргізетін әрбір институт өкілдерінен арнайы топ құрылсын.	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор <i>А.Сатмырзаев.</i> Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <i>С.Қ. Сахиев.</i> <i>Институт директорлары.</i>	15.01.2021
4	2021 жылы талапкерлерді университетке тарту мақсатында жүргізіліп отырған Кәсіби бағдар беру жұмыстары одан ары жандандырылсын.	Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы	2020-2021 оқу жылында
4.1	Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, Университет сайтында, мерзімді баспасөз беттерінде талапкерлерге арналған ақпараттар өз уақытында жаңартылып отырсын.		
5	2021 жылы өткізілетін әрбір институттың <i>«Ашық есік күндері», «Институт мамандықтарымен танысу», «Шығармашылық емтихандар бойынша»,</i> оқу-әдістемелік семинарлар, кездесулер, пәндік олимпиадаларды өткізуге дайындық жұмыстары қолға алынсын.	Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы Институт директорлары	20.01.2021

2. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі туралы және жұмыс берушілердің пікірлерін қолдау жұмыстары» туралы есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	<i>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі туралы және жұмыс берушілердің пікірлерін қолдау жұмыстары» туралы есебі – назарға алынсын.</i>		01.10.2020
2	2020/2021 оқу жылындағы бітіруші түлектерді Нұр-Сұлтан қаласына жұмысқа жіберу жұмыстары ұйымдастырылсын. Жоғары деңгейдегі ақпараттық және компьютерлік сауаттылықты дамыту тұрғысынан жобалар қолға алынсын.	<i>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбеков, Мансап орталығының бастығы Г.Үсейін</i>	30.05.2021
2.1	Дуалді оқыту форматында жүріп жатқан практикаға әр тоқсан сайын орта білім беру ұйымдарымен бірге мониторинг жасалсын	<i>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековке, Мансап орталығының бастығы Г.Үсейінге, Институт директорларына, кафедра меңгерушілеріне:</i>	15.03.2021 – 20.05.2021
2.2	Жаңартылған білім мазмұны курсы университет қабырғасында $\frac{3}{4}$ курс студенттері, $\frac{1}{2}$ курс магистранттарына үздіксіз берілуін және сертификатциялануы қамтамасыз етілсін.	<i>Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдина. Институттағы оқу-әдістемелік бюро төрағасы / төрайымдары, Институт директорлары, кафедра меңгерушілері</i>	01.04.2021 – 01.05.2021
2.3	Педагогикалық бағыттағы бакалавриат және магистратура білім бағдарламасындағы студенттердің дипломдық және диссертациялық тақырыптарын нақты орта білім беру ұйымдарының (мектеп, балабақша) проблемасына байланыстырып алу жұмыстары қадағалансын.	<i>Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбеков ҒЗЖ, СҒЗЖ және жаңартпа бөлімнің бастығы Г.А.Байымбетова Институт директорлары, кафедра меңгерушілері</i>	20.05.2020

3. Ғылым департаменті директорының м.а. *У.М. Абдиганбарованың* «PhD докторанттардың ғылыми тақырыптарын бекіту және ғылыми кеңесшілерін нақтылау туралы» ақпаратын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты», «Докторантура» (2-тарау, 2-параграф) бөлімінің 81, 82, 83-тармақтарына сәйкес		

<p>2020/2021 оқу жылындағы 1 курс PhD докторанттарының диссертация тақырыптары мен отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілері бекітілсін және 2-3 курс PhD докторанттарының отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілеріне өзгерістер енгізілсін:</p> <p>1.1 Математика, физика және информатика институты (1-қосымша); 1.2 Педагогика және психология институты (2-қосымша); 1.3 Тарих және құқық институты (3-қосымша); 1.4 Жаратылыстану және география институты (4-қосымша); 1.5 Филология және көптілді білім беру институты (5-қосымша); 1.6 Сорбонна-Қазақстан институты (6-қосымша).</p> <p>2. 2 және 3 курс PhD докторанттарының диссертация тақырыптары мен отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілері 7-қосымшаға сәйкес нақтыланып, бекітілсін.</p>

4. Университеттің «ЖОО үздік оқытушысы - 2019» атағы иегерлерінің есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Университеттің «ЖОО үздік оқытушысы - 2019» атағы иегерлерінің есебі - <i>назарға алынсын.</i>		
2	Университеттің «ЖОО үздік оқытушысы - 2019» атағы иегерлерінің есебі - <i>бекітілсін.</i>		

5. *Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың* «Президент стипендиясына үміткерлерді ұсыну туралы» туралы есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Президент стипендиясына үміткерлер тізімі - бекітілсін.		

Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары

Бас ғалым хатшы



А.Сатмырзаев

Ж. Сейсенбаева